

## 2005 жылы Жамбыл облысының аумағында азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуді жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы әкімінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 30 шешемі. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2004 жылы 29 қарашада N 1508 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 12 бабына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 наурызда N 2218 тіркелген 2003 жылғы 24 ақпандағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскелеріне тіркеуді дайындау және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты қолданысқа енгізу туралы" N 60 бұйрығына сәйкес 1988 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуді ұйымшылдықпен және сапалы өткізу үшін, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау, дене дайындығын, жалпы білім деңгейі мен алған мамандығын нақтылау мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. 2005 жылы Жамбыл облысының аймағында азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуге дайындау және оны жүргізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған жоспары бекітілсін.

2. Облыстың әскери комиссары М.М.Шоқпаров (келісім бойынша) 2005 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1988 жылы туылған, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген үлкен жастағы азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуден өткізсін.

3. Аудандар мен Тараз қаласының әкімдері: азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеу жөніндегі аудандық, қалалық комиссиялар құрсын, олардың жеке құрамын, тіркеуді өткізу кестесін бекітсін;

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 12 бабының 3 тармағына сәйкес меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың басшыларын шақыру учаскелерінде тіркелуге тиісті жасөспірімдердің тізімдерін әскери комиссариаттарға табыс етуге міндеттесін;

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 35 бабының 1 тармағына сәйкес тіркеу кезінде азаматтарды медициналық куәландыруды өткізу үшін әскери комиссариаттарды байланыспен, дәрі-дәрмекпен, құрал-саймандармен, медициналық және шаруашылық мүліктермен, автокөлікпен, сондай-ақ емдеу-алдын алу мекемелерінде орындармен қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 35 бабының 3 тармағына сәйкес шақыру учаскелерінде әскер жасына дейінгілерді тіркеу жөніндегі комиссия мүшелерінің, шақыру учаскелерінде жұмыс істеу үшін бөлінетін медициналық, техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың осы міндеттерді атқарған уақытта жұмыс орнын, қызметі мен орташа жалақысын сақтасын.

4. Облыстың ішкі істер басқармасының бастығы Т.А.Құлыбаев (келісім бойынша) жергілікті ішкі істер органдары мен әскери комиссариаттардың өзара іс-қимылын, әскерге шақыру учаскелерінде қоғамдық тәртіптің сақталуын, әскери тіркелуден жалтарып жүрген тұлғаларды іздестіруді, ұстауды және комиссияға жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасының бастығы Т.Ш.Әбілдаев: шақырылған жасөспірімдерді медициналық куәландыру алдында көкірек клеткасы органдарын рентгенологиялық (флюорографиялық) тексеруді, қанның анализін, ЖҚТБ-ге, бруцеллезге, зәрдегі белокты, туберкулезге тексеруді, алдын ала егуді, ЭКГ тексерілуін, қанның тобын және резус-факторын анықтауды қамтамасыз етсін, тексеру қорытындыларын аудандық және қалалық әскери комиссариаттарға берсін;

аудандардың және Тараз қаласының бас дәрігерлерін қалалық, аудандық әскери комиссариаттардың сұрауы бойынша амбулаториялық емделіп жүрген аурулардың картасын қосымша парақтарымен бірге, диспансерлік есепте тұрған азаматтардың тізімін, сырқатнамадан үзінді беруге, медициналық куәландыру үшін хирург, терапевт, невропатолог, психиатр, отоларинголог, дерматовенеролог, көз, тіс дәрігерлерімен және қажет болған жағдайда басқа дәрігер мамандармен қамтамасыз етуге міндеттесін;

облыстық әскери комиссариаттың өтінімі бойынша облыстық емдеу мекемелерінен аудандық, қалалық медициналық комиссиялардың құрамында жұмыс істеуге жетіспейтін дәрігер-мамандар бөлсін;

аудандардан және қалалардан облыс орталығына жіберілген науқас әскер қатарына шақырылғандарды тексеруден өткізу және емдеу үшін емдеу мекемелерінің тізбесін және қажетті төсек-орын санын анықтасын;

әскер қатарына шақырылуға тіркелген азаматтарды әскери қызметке шақырылғанға дейін емдеуді және сауықтыруды қамтамасыз етсін.

6. Облыс Әкімі білім басқармасының бастығы Д.И.Әбдірайымов аудандық (қалалық) әскери комиссарлармен келісілген кесте бойынша меншік нысанына қарамастан облыстың оқу ұйымдарында оқитын, 1988 жылы туылған жастарды шақыру пункттеріне уақтылы және ұйымшылдықпен жіберсін.

7. Облыс Әкімі қаржы басқармасының бастығы Б.Аманбеков облыстың жергілікті бюджеттерінде қарастырылған сомалар шегінде шығыстар сметасына сай жасөспірімдерді шақыру учаскелерінде тіркеуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

8. Облыстың әскери комиссары М.М.Шоқпаров (келісім бойынша) 2005 жылғы 15 сәуірге дейін облыс Әкімінің аппаратына шақыру учаскелерінде азаматтарды тіркеудің нәтижелері және осы шешімнің орындалуы туралы хабарлама берсін.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары К.М.Демешке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Жексембин*

Келісілді:

*Облыстың әскери комиссары*

*М. Шоқпаров*

*Облыстың ішкі істер*

*басқармасының бастығы*

*Т. Құлыбаев*

Облыс Әкімінің 2004 жылғы "10" қарашадағы "2005 жылы Жамбыл облысының аумағында азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеу туралы" N 30 шешімімен бекітілген

**2005 жылы Жамбыл облысының аумағында азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуге дайындау және оны жүргізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың ЖОСПАРЫ**

N p /с	Іс-шаралар атауы	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1. Жамбыл облыстық әскери комиссариаты өткізетін іс-шаралар					
1	Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеу тәртібі және өткізу мерзімі туралы нұсқау әзірлеу	облыстық әскери комиссардың нұсқауы	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2004 жылдың 1 желтоқсанына дейін	

2	Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға азаматтарды тіркеу жоспарын және нұсқауды жеткізу	тарату тізілімі	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2004 жылдың 10 желтоқсанына дейін	
3	Облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе отырып тіркеу өткізу кестесін жасау, азаматтарды медициналық куәландыру үшін облыстық мекемелерден дәрігер-мамандар жіберу тәртібін анықтау	тіркеу өткізу кестесі	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша), облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасының бастығы	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
4	Аудандық (қалалық) тіркеу комиссиясы төрағаларымен, аудандық, қалалық әскери комиссарлармен, 2-ші бөлімше бастықтарымен және тіркеу жөніндегі комиссия жұмысына қатысатын дәрігер-мамандармен азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және өткізу бойынша оқу-әдістемелік сабақтар өткізу	сабақтар кестесі	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2005 жылдың 15 қаңтарына дейін	
5	Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың өтінімдері бойынша азаматтарды тіркеу жөніндегі аудандық медициналық комиссияларда жұмыс істеу үшін жетіспейтін дәрігер-мамандарды бөлу	облыс Әкімі денсаулық-сақтау басқармасы бастығының бұйрығы, облыстық әскери комиссариаттың өтінімі	облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасының бастығы, облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2005 жылдың 10 қаңтарына дейін	
6	Азаматтарды тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету үшін облыстың ішкі істер басқармасымен өзара іс-қимылдар жоспарын әзірлеу	өзара іс-қимылдар жоспары	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша), облыстың ішкі істер басқармасының бастығы (келісім бойынша)	2004 жылдың 24 желтоқсанына дейін	
7	Облыс аумағында азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуді өткізу туралы бұйрық шығару	тіркеуді өткізу туралы бұйрық	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	Аудандық, қалалық әскери комиссариаттардың				

8	азаматтарды тіркеу дайындығын және жүргізілу барысын сол жерлерге барып тексеру, іс-тәжірибе көмегін көрсету	тексеру кестесіне сай 2005 жылдың 17 қаңтарынан бастап	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	тексеру кестесі	
9	Облыс Әкіміне өткізілген тіркеу қорытындылары туралы хабарлама беру	қорытынды хабарлама	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2005 жылдың 15 сәуіріне дейін	
10	Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардан алынған есептер негізінде 1988 жылы туылған азаматтарды тіркеуді жүргізу туралы қорытынды есеп жасау	Ф-13/МУ	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	2005 жылдың 10 сәуіріне дейін	
11	Жастарды әскери қызметке даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және облыс Әкіміне қарауға және бекітуге ұсыну	іс-шаралар жоспары	облыстық әскери комиссар (келісім бойынша)	тіркеуден кейінгі 10 күн мерзім ішінде	
2. Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарда жүргізілетін іс-шаралар					
12	Әскери міндеттілердің, шақырылушылардың, сондай-ақ шақырылуға дейінгі жастардың алғашқы есебін жүргізу жүктелген жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың тізбесін аудандық (қалалық) статистика органдары арқылы анықтау	ұйымдар тізбесі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 15 қарашасына дейін	
13	Шақыру учаскелерінде тіркелуі тиіс жасөспірімдердің тізімдерін сұратып алу	сұраным тізілімі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 1 желтоқсанына дейін	
14	Шақыру учаскелерінде тіркелуі тиіс жасөспірімдердің тізімде толық қамтылғанын және тізімдерді құрастыру сапасын әскери комиссариаттың қызметкерлерінің жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, ұйымдарға барып тексеруі	кестеге сай	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 15 желтоқсанына дейін	
	Тұрғын үй пайдалану және меншік нысанына				

15	қарамастан өзге ұйымдардан алынған жасөспірімдердің тізімдерін білім беру ұйымдарынан алынған тізімдермен салыстыру және жасөспірімдердің ұсынылған тізімдерге толық енгізілгеніне көз жеткізу	тізімдерді белгілеу	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
16	Шақыру учаскесіне тіркелуі тиіс жасөспірімдердің жинақ тізімін жасау (Тіркеу жөніндегі нұсқауға N№2 қосымша)	жинақ тізімі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
17	Тіркелуі тиіс жасөспірімдер үшін сұратып алу:	жауап алу тізілімі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
	1) емдеу-алдын алу мекемелерінен: амбулаториялық емделіп жүрген аурулардың картасы қосымша парақтарымен; сырқатнамадан үзінділер; диспансерлік есепте тұрған жасөспірімдердің тізімі				
	2) халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан: мүгедек деп танылған тұлғалар туралы мәліметтер				
	3) көмекші мектептерден және арнайы білім беру ұйымдарынан: тәрбиеленуі қиын балалардың медициналық-педагогикалық мінездемелері				
	4) ішкі істер органдарынан, прокуратурадан және соттардан: қылмыстық жауапкершілікке тартылған, тергеуде жүрген, сотталған, ішкі істер органдарының есебінде тұратын тұлғалардың тізімдері;				
	5) денсаулық сақтау басқармаларынан: әскерге шақырылушыларды стационарлық немесе амбулаториялық тексеру жүргізетін емдеу мекемелерінің тізімдері				

18	Азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуді өткізу туралы бұйрық шығару	Тіркеу өткізу туралы бұйрық	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
19	Аудандық ішкі істер бөлімдерімен өзара іс-қимылдар жоспарын әзірлеу	өзара іс-қимыл жоспары	әскери комиссарлар (келісім бойынша), ішкі істер бөлімдерінің бастықтары (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
20	Азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеудің дайындық және өткізу жоспарын жасау, жоспарда мыналарды ескеру:	тіркеуге дайындық пен өткізу іс-шараларының жоспары	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 15 желтоқсанына дейін	
	1) хабарландыру тәртібі және азаматтарды шақыру мерзімдері;	тіркеуге шақыру кестесі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	2) азаматтардың тіркеуге келуінің күнделікті есебі;	күнделікті келудің тізімдері	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	3) тәрбиелеу мен әлеуметтік-құқықтық жұмыстардың іс-шаралары;	тәрбиелеу мен әлеуметтік-құқықтық жұмыстарының жоспары	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	4) шақыру учаскелерінің ғимараттарын жабдықтау;	материалдық құралдар мен жабдықтар бөлу тапсырысы	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	5) флюорографиялық және зертханалық тексеру өткізу кестесі;	флюорографиялық тексеру кестесі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	6) тіркелуі тиіс азаматтарды медициналық куәландыруды өткізу үшін жоғары біліктілігі бар дәрігер-мамандар іріктеу;	әскери комиссариаттың өтінімі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	
	7) техникалық қызметкерлердің, қызмет көрсетуші персоналдың және кезекші автокөліктің қажетті санының есебі;	Әкімнің шешіміне қосымша	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 20 желтоқсанына дейін	

	8) шақыру учаскесінің жұмысына тартылған техникалық қызметкерлермен нұсқау-әдістемелік сабақтарын өткізу мерзімі;	сабақ өткізу жоспар-конспектілері	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
	9) тіркеу комиссиясының мүшелерімен нұсқау-әдістемелік сабақтарын өткізу мерзімі;	сабақ өткізу жоспар-конспектілері	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 25 желтоқсанына дейін	
<b>3. Тіркеу аяқталғаннан кейінгі іс-шаралар</b>					
21	Сәуір айында тіркеуден өткен азаматтардың әскери комиссариаттағы бар есеп мәліметтері мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, білім беру және өзге де ұйымдардың есеп мәліметтерін мұқият салыстыруды өткізу, азаматтардың тіркеуге толық қамтылғанына көз жеткізу	кестеге сай	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2005 жылдың 5 сәуіріне дейін	
22	Тіркеуден өткен шақырылушыларға арналған жеке істерді тіркеу комиссиясының хаттама кітабының мәліметтерімен, есептік-алфавиттік кітабымен және жинақ тізімдерімен мұқият салыстыру	тексеру актісі	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	тіркеу аяқталғаннан кейін	
23	Шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркеу туралы атқарылған жұмыстың қорытынды есебін құрастыру және облыстық әскери комиссариатқа белгіленген мерзімде ұсыну	қорытынды есеп	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2005 жылдың 1 сәуіріне дейін	
24	Шақыру учаскесінде тіркелген шақырылушыларды зерделеу жоспарын құрастыру	зерделеу жоспары	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2005 жылдың 11 сәуіріне дейін	
25	Жергілікті атқарушы органдарға өткізілген тіркеудің нәтижелерін хабарлау	тіркеу туралы хабарлама	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2005 жылдың 11 сәуіріне дейін	
26	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға жасөспірімдерді әскери	іс-шаралар жоспары		2005 жылдың 11 сәуіріне дейін	



	қызметке дайындау туралы негізгі іс-шаралардың жоспарын бекітуге ұсыну		әскери комиссарлар (келісім бойынша)		
27	Тіркеу нәтижелері бойынша емдеуді қажет ететін шақырылушылардың тізімін құрастырып, емдеу мекемелеріне бекітіп беру үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыну	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің №61 бұйрығы бойынша N 1, №2 тізімдер	әскери комиссарлар (келісім бойынша)	2004 жылдың 5 сәуіріне дейін	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК